

Р.С.Каренов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)*

**XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары ұлы өкілдері бірінің
ғылыми және ағартушылық қызметі**

Халел Досмұхамедовтың қайтыс болғанына 75 жыл толуына орай

Мақалада XX ғасырдың басындағы өткір саяси оқиғаларда айтулы рөл атқарған Халел Досмұхамедұлының өмірі мен шығармашылық қызметі суреттелген. Оның әрдайым маңызды оқиғалардың бел ортасында жүргендігі, қазақ мемлекеттілігінің дамуында маңызды рөл атқарған үдерістерге қатысқандығы ерекше бейнеленген. Оның ғылыммен және ағартушылықпен сәтті шұғылғандығы, Қазақ ағарту институтын басқарғандығы, «Сана» журналында редактор болғандығы, философия, тарих, медицина, мәдениет туралы кітаптар жазғандығы, Қазақ мемлекеттік университетін ашуға қатысқандығы баяндалған. Халел Досмұхамедовтың өмірі қайғылы болғандығы, алайда оның туған елі үшін үлкен із қалдырғандығы пайымдалған: оның еңбектері Қазақстан мемлекеттілігіне маңызды үлес қосқандығы, ал жазғандары қазіргі кезге дейін үлкен аңыз бен мағынаға толы екендігі туралы сөз қозғалған. Қысқа болса да, Отан игілігі үшін атқарған мол еңбегі мен жарқын өмірі оның бекер өмір сүрмегендігін дәлелдейді.

Кілт сөздер: тұлға, өмір жолы, негізі, ескерткіш, шығарма, саяси-рухани, фольклортану, баспагерлік қызмет, энциклопедист-ғалым, оқулықтар.

Kipicne

Қазақ жұртының мәдени-тарихи шежіресінде тәуелсіздікке ұмтылған ұлт-азаттық қозғалыстар мен күресті сипаттайтын деректер жеткілікті екені белгілі. Солардың басында жүрген, елдік туын жоғары ұстаған дауылпаз ақындар (Махамбет, Шәкәрім, Сұлтанмахмұт т.б.), көсемдер (Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов т.б.), ғалымдар (Х.Досмұхамедұлы, М.Тынышбаев, Ә.Ермеков т.б.) сияқты дарабоз тұлғалар болды. Олардың ерлігін, ел үшін атқарған ерен еңбегін деректейтін сөзі қалды. Тіл арқылы сақталған осы рухани қазынаның ұлт үшін, оның болашағы үшін мәні мен маңызын халқымыздың аяулы перзенті, мемлекет, қоғам және саясат қайраткері, біртуар тұлға Х.Досмұхамедұлы «Қазақ-Қырғыз білім комиссиясынан» атты мақаласында былайша анықтап, өзінің шығармашылығына арқау еткен: «Бұл дүниеде адам баласы таңданатын іс қылып өткен ірі адамдар бар. Бұл адамдардың аттары атадан балаға ұмытылмай келе жатыр. Түрлі данышпандар, шешендер, шеберлер, батырлар, ақындар, билер, тағы басқалар көп өткен. Осындай адамдар өзіміздің қазақ-қырғыз арасында аз болмаған. Өз жұртына жұмыс қылып, еңбек сіңірген адамдарды қадірлеу — елдіктің белгісі» [1; 50]. Ғалымның бұл сөзінің нақты дәлелін біз Исатай, Махамбет, Баймағамбет, Жалаңтөс батыр, Мұрат Мөңкеұлы, Шернияз т.б. туралы мазмұны нақты деректелген, жан-жақты пайымдалған ақпаратты-танымдық мұрасынан көреміз. Шын мәнінде, қазақ ұлты үшін сондай дара тұлғаның бірі — Халел Досмұхамедұлының өзі.

*Профессор Халел Досмұхамедұлының өмір жолындағы
белесті-белесті кезеңдерінен қысқаша деректер*

Халел!.. Бүгінде бұл есімді естігенде, әрине, мынадай сауалдар туындайды. Сан қилы пікірлерге желі болап тартылған, өскен ортасына, ел-жұртына қадірлі болған Халел Досмұхамедұлы кім еді? Өткен жолы, Отанына, қазағына сіңірген еңбегі қандай?

Осындай сұрақтарға жауап ретінде, біз Халекеңнің өмір жолындағы белесті-белесті кезеңдеріне қысқаша тоқтала кеткенді жөн көрдік:

- Халел Досмұхамедұлы — халқымыздың көк байрағы көгімізде желбіреуіне атсалысқан, сол үшін тоталитарлық өктем саясаттың құрбаны болған, аумалы-төкпелі заманда мұң мен зардың, айтыс пен тартыстың, өмір мен өлімнің бел ортасында жүрсе де азаматтық тұлғасына дақ түсірмеген қазақ зиялыларының бірі. Мамандығы дәрігер бола тұрса да, қоғам өмірінің сан салалы мәселелеріне араласқан көп қырлы дарын, саяси және қоғам қайраткері, тарихшы, табиғаттанушы, тілтанушы, әдебиетші, ауыз әдебиетінің сирек үлгілерін жинап, насихаттаушы, шебер аудармашы;

- ол 1883 жылы қазіргі Атырау облысы, Қызылқоға ауданындағы Тайсойған құмында дүниеге келген;

- Халел он балалы Досмұхамед отбасының жетінші болып көрген қызығы, ұлдан (Хасен, Халел, Құлбайыс, Құлымжан) екіншісі еді. Кішкентайынан ауылдағы молладан хат танып, одан соң жергілікті орыс-қазақ мектебіне оқуға түседі. Тайсойған құмының Сорқуыс атты мекенінде айналасына мәлім «Машақ ауылы» деген қоныс болған. Машақ би — Досмұхамедтің әкесі, Халелдің атасы, сол себепті де, кейбір құжаттарда Халекең «Машақов» болып та жүреді. Машақ әулеті Кіші жүздегі он екі ата Байұлының Беріш тармағынан, оның ішінде — Жайық — Беріштен тарайды. Жайық — Беріштің шартарапқа кең танылып, аты шыққаны — атақты Алдар би және оның немересі, Исатай — Махамбеттердің тілеулес серігі — Байнақ би. Сол Алдар бидің шөбересі, Байнақ бидің ұлы Машақтың бел баласы, Досмұхамедтен үлкені — Дәулетүмбет (1848–1907) алғашқы оқыған азаматтың бірі. Үйшіктен орысша-қазақша училище ашқан. Мұрат ақынның атақты «Оқудан қайтқан жігітке хат» деген өлеңі осы Дәулетүмбетке арналған. Ондағы:

*Құдықтың жаңа шыққан көзі емессің,
Бұлақтай ата-бабаңда билік болған.
Зәкөнін екі жұрттың тегіс білсең,
Дәмем бар адаспас деп қысаң жолдан.
Ерназар — беріш құтпаны, атаң — Алдар,
Белгісі хас жақсының халқын қамдар.
Асылдың азбай жүрген тұқымысың,
.....
Шырағым, адаспас деген үмітім бар.
Бір таңға үш шошынған ата-бабаң,
Астана қарындастың қамын ойлап
.....
Халқымның адасқанын бастамасаң
Біліктен не пайда бар кеудең толған? —*

деген жолдар тек Дәулетүмбет, Досмұхамедтер емес, барша әулеттің елге қызмет етуге жаралғандығынан хабардар етеді. Осы оқыған ағаның нұсқауымен 1894 жылы, он бір жасында, Халел Орал қаласындағы әскери реальді училищенің дайындық класына қабылданып, онда орыс тілін тез меңгеруімен, зеректігімен танылады. 1902 жылы оны үздік бітіріп, тағы бір жыл дайындық класында оқып, 1903 жылы алыс астана — Петербордағы Императорлық Әскери — медициналық академияға латын тілінен қосымша емтихан тапсырып түседі... Міне, осылайша құмда өскен Алаш ұлының шыңға өрлеу баспалдағы басталады [2];

- 1909 жылы Әскери-медициналық академияны алтын медальмен бітіріп шығады. Сол жылы Досмұхамед дүниеден озады. Аяулы әкеден біржолата айырылу оған оңайға соқпайды. Бірақ тағдыр маңдайға солай жазған. Жұмысты әуелі Пермь губерниясындағы Марсан бөлімшесінің 2-ші атқыштар батальонына кіші дәрігер болудан бастап, кейін Орал казак-орыстары бөлімшесіне ауысады. Ал 1913 жылдан бастап Темір уезінде бөлімшелік дәрігер болады;

- 1917 жылы Ресейдегі Ақпан төңкерісінен кейін қазақ даласында Жалпықазақ съездерін ұйымдастырып, өткізуге жұмыстанады. 1917 жылы мамырда Мәскеуде өткен Бүкілресейлік

мұсылмандар съезіне қатысады. Елінің егемендігін, дербестігін аңсаған мақсатпен ол қазақтың зиялылары Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Әлихан Бөкейханов, Жанша Досмұхамедов, Міржақып Дулатов, Мұхаметжан Тынышбаев және тағы басқалармен бірге 1917 жылғы желтоқсанның 5–13-і аралығында өткен Жалпы қазақ-қырғыз құрылтай съезінде жарияланған қазақ-қырғыз өлкелік автономиясының — «Алашорда» өкіметінің туын көтеріседі. Өкінішке орай, осынау сынапша құйқылжыған аумалы-төкпелі кезеңде олар ауызбірлік таныту орнына үшке бөлініп, бытырай жіктеледі. Қазақ зиялылары әрқайсысы әр жақта ұйым құрады. Мәселен, олар Омбыда «Бірлік», Қызылжарда «Талап», Ақтөбеде «Жас тілек», Павлодарда «Ғылым», Зайсанда «Қазақ жәрдемі» деген ұйымдарды құрған. Міне, осылардың салдарынан алашордашылардың өмірі ұзаққа бармады, бар болғаны жыл жарымдай өмір сүреді. Ғалымдарымыздың бір ауызға келген пікірлеріне қарағанда [3], Алашорда үкіметі 1918 жылдың ортасынан 1919 жылдың желтоқсан айына дейін өз жұмысын атқарады;

- 1918 жылдың 18–21 мамырында Жымпиты қаласында өткен Орал өңірі қазақтарының 4-ші съезінде Қазақстанның бүкіл Батыс өңіріне ықпал етерлік ұлттық-территориялық құрылым — «Ойыл уәлаяты уақытша үкіметін» жариялауға қатысады. Сол жылы қыркүйектің ортасында Кеңес үкіметіне қарсы күштердің Уфа дирекциясын жариялау мәжілісіне жиналған Алашорда қайраткерлері бұл құрылымды қолдап, оған «Алашорданың батыс бөлімшесі» деген ат береді. Осы кезеңде Досмұхамедов Алашорданың атты әскерін ұйымдастырып, Самарадағы Комуч үкіметінен қару-жарак алуға, Ұлттық банк ашуға, баспахана, «Еркін қазақ» газетін шығаруға көп еңбек сіңіреді;

- 1919 жылы Кеңес үкіметін амалсыз мойындаған соң, Қазақ өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитеттің қаулысына сәйкес халықтан окшауландыру мақсатында, Алаш қозғалысының белсенді мүшелерінің бір тобымен Ресейдің орталық губерниясына жіберіледі;

- 1920 жылы Түркістан Республикасы Халық ағарту комиссариаты жанынан Түркістан халықтарының оқу-ағарту, мәдени мұқтаждықтарын өтеу үшін арнайы ұйымдастырылған Білім комиссиясының мүшелігіне, кейін төрағалығына сайланады;

- 1920–1921 жылдары Ташкенттегі Физикалық әдіспен емдеу институтында, Қазақ педагогикалық институтында мектеп дәрігері, Орта Азия университеті факультетінің хирургиялық емханасында ординатор;

- 1922–1924 жылдары Түркістан Денсаулық сақтау халық комиссариаты алқасының мүшесі және емдеу-санитарлық бөлімінің меңгерушісі; 1923 жылы Орта Азия Мемлекеттік баспа коллегиясының, Қазақ мемлекеттік баспасы Шығыс бөлімінің мүшесі; 1925 жылы меңгерушісі; 1926 жылы осы баспа басқармасының мүшесі және меңгерушісінің орынбасары қызметтерінде болады;

- 1922–1925 жылдар аралығында мәдениетті көркейту үшін құрылған «Талап» қауымының басқармасына басшылық етеді; 1924 жылы Ресей ҒА-ның Орталық өлкетану бюросының корреспондент мүшесі болып сайланады және Түркістан Халық ағарту комиссариаты атынан Орынборда өткен қазақ білімпаздарының, Мәскеуде өткен Бүкіл-ресейлік денсаулық сақтау қызметкерлерінің съездеріне қатысады;

- 1927 жылы Қазақ педагогикалық институтының доценті болып бекітіледі; 1929 жылы өзі профессор болып істейтін, халқымыздың алғашқы жоғары оқу орны Қазақ педагогика институтының негізінде Қазақ мемлекеттік университетін ұйымдастыру жөніндегі комиссияның төрағасы, оның бірінші проректоры болып тағайындалады;

- отызыншы жылдардың басында Кеңес үкіметі ұйымдастырған қуғын-сүргін саясатында тұтқындалып, 1932 жылдың 20 сәуірінде ОГПУ үштігінің шешімімен Воронеж қаласына 5 жылға жер аударылады. Ол жерде Денсаулық сақтау және гигиена институтында бөлім меңгерушісі, балаларды емдеу-сақтандыру амбулаториясы меңгерушісінің орынбасары, Оңтүстік-Шығыс теміржол санитарлық бөлімшесінің дәрігер-эпидемиологі қызметін атқарады;

- 1938 жылы жалған саяси айыппен екінші рет тұтқынға алынып, әуелі Мәскеуге, кейін Алматыға әкелінеді; 1939 жылдың 24 сәуірінде әскери трибуналдың үкімімен ату жазасына кесіледі, сол жылдың қыркүйегінде түрме ауруханасында өкпе туберкулезінен қайтыс болады [4];

- 1939 жылғы әскери трибуналдың үкімі 1958 жылы ақпанның 11-індегі КСРО Жоғарғы сотының әскери коллегиясының шешімімен бұзылып, Х.Досмұхамедұлының ісінде қылмыстық белгісі болмауы себепті күшін жояды және ол толық ақталады. Осыдан кейін сол жылғы «Здравоохранение Казахстана» журналының № 10 санында ол туралы тұңғыш рет А.Мамаевтың «Х.Д.Досмұхамедов — врач и ученый» деген мақаласы жарияланады [5; 7].

Сонымен, айналып-үйіріліп келгенде, кештеу болса да әділдіктің туы желбіреді деуге қапысыз негіз бар еді. Бірақ ғалымды туған халқына қайта таныту осымен аяқталып, «жылымық кезең» біткен соң, ол туралы айтуға да, жазуға да тыйым салынып, еңбектері кітапханалардың арнайы қорларында жасырын ұсталып келді. Бұған бір-ақ себеп бар еді. Ол — елінің ертеңін ойлап, «Алашорда» қозғалысының басшыларының бірі болуымен ғана туындаған [6].

Тек еліміз егемендік алғаннан бері XX ғасырдың 30–50-жылдарындағы тарихтың қатесін түзетуге көп күш салына бастады. Өйткені кезінде ұлт зиялыларын ойландырған елдің елдігін, ұлттың бірлігін, жердің тұтастығын сақтау, қазақ халқын өркениетті елдер қатарына қосу, ең бастысы қазақтың ұлттық мемлекетін құруға әрекеттенуі бүгінде шындыққа айналып отыр.

Тәуелсіздікке қол жеткен жылдар ішінде Халел Досмұхамедұлының еңбектері мен есімі де ел-жұртына қайта оралды. Қайта құру лебімен шаңырақ көтерген «Ана тілі» баспасы алғашқы кітаптарының бірі ретінде Х.Досмұхамедұлының «Аламан» жинағын жарыққа шығарып, шын мәнінде, сірескен сенді бұзды. Енді халқы Халел еңбектерін іздейтін, жоқтайтын күн туды. Аймақтық Халел Досмұхамедұлы қоры құрылды. Ғұмыр жолы мен шығармашылығы зерттеліп, конференциялар өткізілді, тұрақты «Халел оқулары» ұйымдастырылды, жоғары және орта оқу орындарында стипендиялар тағайындалды.

Елді мекендер мен университетке, Алматыда орталық көшеге есімі беріліп өлмес, өшпес өмірін қайта жалғастырды.

*Халел Досмұхамедұлы — қазақ тілінің табиғаты
туралы жүйелі еңбек еткен ғалым*

Алаш арыстарының ана тілімізге — қазақ тіліне арналған ойлары, тіл жолындағы күрестері күні бүгінде тағылым алар іс. Олар тіліміздің фонетикасы, лексикасы, грамматикасы, әдеби тілі мен стилистикасы, оқу әдістемесі мен терминологиясын ғылым ретінде қалыптастырды. Олардың еңбектерінің алуандығы Алаш зиялыларының ізденімпаздығы мен терең білімпаздығын танытады. Алаш қайраткерлерінің ойларынан туған ережелер, теоремалар, атаулар, терминдер күні бүгінге дейін өміршеңдігін жоймай, ел қажетіне жарап келеді.

Х.Досмұхамедұлы да кезінде терминология, әліпби, емле туралы пікірталастарға өз пікірін беріп отырған. «Қызыл Қазақстан» журналында (1926, № 11) шыққан «Шетелдік сөздер туралы» деген мақаласында Нәзір Төрәқұловтың қазақ орфографиясы мен терминологиясы туралы кітабына («Жат сөздер» деп аталатын еңбегіне) сын жаза отырып, тіл келешегі жайлы батыл тұжырымдар айтқан. Кейін мұны дамытып, кеңейтіп жазып «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» деген ғылыми-зерттеу еңбекке айналдырған.

Бұл арада атап өтетін бір жай, Халел Досмұхамедұлы дәрігер бола тұра, қазақ лингвистикасынан өзекті мәселе жөнінде ой қозғағанда, сол дыбыстық жүйені анатомиялық-физиологиялық ғылыми деректерге сүйене отырып, өз ойының тереңін қазақ тілінің табиғатында бар заңдылықты аша түсуге жетік пайдаланғанын байқаймыз.

Халекен өз кітабында өзге тілдерден енген терминдерді пайдалануға мықтап сақ болу керектігін, оның қазақтың дыбыс үндестігін (*сингармонизм заңы*) бұзатындығын, сондықтан терминдерді тілімізге енгізгенде елеспекшеп, қазақ тілінің үндестік заңына бағындырып, қазақша баламасын тауып қолдану қажеттігін тайға таңба басқандай ескертеді: «Осы күнгі қазақтың әдебиетінде шеттен кірген сөздер өте көбейіп кетті. Төңкерістен соңғы шыққан журнал-газеталардың іші толған жат сөз. Білім, оқу әдебиеті де жат сөзге байыды. Заманымыздағы көркем әдебиетіміз де жат сөздерден құр емес.

Оқытушыға да, үйренушіге де, үгіттеушіге де, жазушыға да, білімдіге де, білімсізге де, шешенге де, ақынға да жат сөзсіз күнелте алмайтын заман туды.

Топан суындай қаптап, тілімізді жат сөздер басып бара жатқан мезгілде ескерілмей ұмытылуға айналған тіліміздің бір негізгі заңын еске салғымыз келеді.

Түрік тілі — жалғамалы тіл. Жалғамалы тілдегі сөздердің түбірі өзгермейді. Сөз аяғына жалғанған қосымшалар арқылы өзгереді. Қазақ-қырғыз тілі — түрік тілінің бір тарауы. Сондықтан қазақ-қырғыз сөздері де түбін өзгертпей қосылған жалғауменен өзгереді. Бұл заң «Тіл — құралдан» белгілі.

Қазақ-қырғыз сөзінің түбірі не соламайымен жуан, не соламайымен жіңішке айтылады.

Жалқы сөздің түбіріндегі дыбыстардың біреуі жуан болып, біреуі жіңішке болып, еш уақытта естілмейді. Қазақтың негізгі жалқы сөзінің түбірінде жуан дыбыстар мен жіңішке дыбыстар араласып

ұшырамайды. Бір сөздің ішіндегі дыбыстардың бәрінің бірдей дауыспен (не жуан, не жіңішке) ұйқасып айтылуын білім тілінде «сингармонизм» дейді. Сингармонизм деген сөз, қазақша айтқанда, үндестік, ұйқастық деген мағынада» [1; 82].

Ғалым тілдің дыбыс жүйесіне қатысты өзекті заңдылықты зерттеу барысында, ең алдымен оның практикалық мәніне назар аударғаны байқалады. Ол сингармонизм заңын, яғни дыбыс үндестігі, түркі тілдес халықтардың тіліндегі тамаша қасиет екендігін ғылыми байламмен дәлелдейді, бірақ түрік тілдерінің көбі бұл айрықша қасиетін жоғалтып алғандығын айтады: «Сингармонизм түрік тілінің айрықша өзіне біткен қасиеті. Түрік тілдерінің көбі (Стамбул түріктері, Қазан ноғайы, сарт — өзбек, тағы талайлар) түрік емес халықтардың сөзін көп алғандықтан, жат жұрттарға көп араласқандықтан, осы айрықша қасиетінен айрылып қалып отыр. Осы күндерде қазақ-қырғыз секілді шет жұрттармен жарытып араласпай, нағыз түріктікті сақтаған елдердің тілдерінде ғана сингармонизм заңы өзгермеген» [1; 82].

Өз ана тілін ерекше сүйіп, оған қамқоршы болам деп талпынған ұлтжанды ғалым тілдің қоғам өмірінде, оның ішінде ғылым-білім саласында атқарар рөлін жоғары қойған. Бірде: «Мәдениеттің негізі — білім. Білімге тіл арқылы жетіледі. Білімді жұрттардың тілі бай болады» [1; 81] десе, енді бір жерде: «Тілді бұзбай ұстарту, шеберлету, байыту ақындардың мойындарына артылған зор борыш» [1; 88], немесе «Елді ықтиярына жібермей шатастырып отырған әуелі молдалар, сонан соң біз — оқығандар. Жолтосбай болып біздер жат сөздің әбден сіңіп кетуіне кедергі болып жүрміз.

Жамила, Ләйлә, календар, фебирал деп оңды-солды елдің құлағына құйып, балаларға үйретіп тіл бұзуға себеп болып жүрміз.

Оқығандарға енді мұны қою керек. Тілді бұзу емес, тілді ұстарту жолына түсу керек» [1; 97] деген сияқты ана тілі туралы тебіреніп айтқан өзекжарды сөздері жастарға өнеге боларлықтай, ана тілін сыйлап, әспеттеп, қадірлеп, оның қамқоршысы болуға шақыратын ұшқыр, ұлағатты сөздер.

Х.Досмұхамедовтың әдеби тіл туралы, оның негізі, баю жолдары туралы айтқан пікірлері де зерттеушіге ой салатын пайымдаулар. Өткен ғасырда қазақ тілінде басылып шыққан кітаптардың біразы таза қазақ тілінде емес, татар, араб-парсы сөздері араласқан кітаби тіл дәстүрімен жазылған қойыртпақ тілде жарық көргені белгілі. Х.Досмұхамедов мұндай тілді «шатақ» тіл деп атаған. Ол қазақты осы шатақ тілден сақтап қалған үш себеп-жағдайды санамалап көрсетеді: 1) көшпелі салт; 2) бай, ауызша айтылып жүрген ел әдебиеті; 3) Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбайұлы сияқты шын қамқоршы болған, нағыз әдебиет тіліне жол салған оқымысты жігіттердің болуы. Халекен әдеби тілдің («әдебиет тілінің») негізі жалпыхалықтық тіл болу керектігін бірнеше жерде айтып кетеді. «Қазақтың әдебиет тілі жаңадан басталды Елдің қара тілі әдебиет тілімізге негіздікке алынды. Әдебиет тіліміздің табаны дұрыс салынды деуге болады» [1; 91], — деп жазады.

Ғалым тілдің тазалығын, оның нормасын, халықтық негізін сақтауда мектеп пен баспаның рөлін бірінші қатарға қойып қарастырған. «Мектеп пен баспаның тілі дұрыс болса, елдің тілін көркейтп, байытып, гүлдендіреді. Мектеп пен баспада қолданған тіл шатаққан тіл болса, ол ел сорлы ел, мұндай елдің тілі бұзылмай қалмайды» [1; 91], — деп, тіл бұзарлыққа қарсы шыққан Халел әдеби тілімізді байытудың екі жолын көрсетеді: «Осы күнгі әдеби тіліміз өте қарқынды өсіп барады. Бір жағынан, өз сөзінен сөз тудырып байыса, екінші жағынан жат сөздерді кіргізіп байып барады» [1; 91].

Х.Досмұхамедов қазақ тіліне сырттан сөз алу және оны талғаусыз қабылдай беруге үзілді-кесілді қарсы пікір айтады: «Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөзді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады... Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз дегендік — шатақандық. Бұл жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді» [1; 92].

Өкінішке орай, мұндай шатасу халқымыздың басында, оның өмірінің әр саласында болғанының біз бұл күндегі тірі айғағымыз. Ал ғұлама ғалымның: «Ана тілін жақсы біліп тұрып бөтенше сөйлесең, бұл — күйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беру — зор қате. Бұл оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпау керек» [1; 99], — деуі бүгінде өз мәнін жоймаған қағида.

*Х.Досмұхамедұлының Мұрат Мөңкеұлының шығармашылығын
алғаш зерттеп, мұраттанудың негізін қалауы*

XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген ақындардың ең көрнектілерінің бірі — Мұрат Мөңкеұлы. Ол өмір сүрген 1843–1906 жылдар арасындағы 63 жыл ішінде Орал казак-орыс

ескерлерінің қазақ жерін басып алуы күшейе түсті. Қазақтардың өзен бойына қоныстануына тыйым салынды. Жақын маңда болғаны үшін әрбір мал басына көп мөлшерде ақы төледі.

Мұрат Мөңкеұлы — өзі өмір сүрген замандағы қарама-қайшылықты, озбырлықты ойсырата жырлаған орақ тілді ақын. Сол себептен ол ресми идеология кертартпа бағыт ретінде бағалаған «зар заманның» ақыны атанып, шығармалары ұзақ жылдар бойы қапасқа қамалды.

Мұрат Мөңкеұлын өзге ақындармен салыстарғанда ол ғұлама білікті білімпаздығымен, тарихи тарамдарды терең танытындығымен, ру-жіктің арасына дақ түсірмей айқын айыра алатындығымен ерекшеленеді. Бар шығармаларының көгенжібі көркем пәлсапалық ой түйіндеріне бай әрі ақындармен айтысында да мұның бәрін шеберлікпен шендестіре пайдаланып, қапысы келгенде қарсыласын сан соқтырып отырған. Оның ақындық шеберлігін танытқан шығармаларының бірі — «Үш қиян». Бұл — отаршылдықты әшкерелеген ақынның өз қоғамына көзқарасын бейнелеген поэма-толғау. Тақырыбы жағынан «Үш қиянмен» берік үндесетін «Сарыарқа» толғауы да Мұраттың ақындық қуатын, көркем сөздің хас шебері екендігін айқындаған шығарма. Ақынның «Қазтуған», «Қарасай-Қазы», «Шәлгез» жырлары Мұрат мұрасының ішіндегі шоқтығы биік дүниелер болып саналады. Сондай-ақ оның терме жанрында да қалдырған мұралары әбден жеткілікті. «Жалғаншы пәни жалғанда», «Аттан сұлу болар ма?», «Арғымақ сайлап не керек?», «Өлім», «Қыз» сияқты тебіреністі термелері қазіргі күнге дейін жүрегі ояу, көңілі сергек қауымның аузында жүргені ақиқат [7; 7].

Мұрат Мөңкеұлы қазақ халқының айтыс өнеріне көп үлес қосты. Ақиық ақынның Жылқышы, Жаскелең, Жантолы, Бала Ораз, Тыныштық, Ізім шайыр сияқты жыр жүйріктерімен айтыстары сақталған. Ол Ноғайлы дәуірінің алтын қазынасы — «Қырымның қырық батыры» жыр циклін бүгінгі күнге жеткізушілердің бірі [8].

Әдебиет зерттеушілері, ақын жазушылар әр жылдарда Мұрат мұралары туралы әр түрлі пікірлер айтқан. Бірақ ақынның шығармашылығын алғаш зерттеген, оның мұрасын жүйелеп, өлеңдеріндегі қайшылықтарға баға беріп, мұраттанудың негізін қалаған Халел Досмұхамедов. Ол Мұрат ақынның шығармаларын топтап, 1924 жылы Ташкент қаласынан «Мұрат ақынның сөздері» деген атпен кітап бастырып шығарған. Халекен бұл еңбегінде ақынның шығармаларының тіліне жоғары баға берген: «Мұрат сөздерінің елге тиген әсері өте күшті. Мұраттың сөзі өте қадырлы саналған, ел ішіне көп жайылған. Мұратты білмейтін Бөкейлікте, Оралда, Маңғыстауда адам жоқ десе де болғандай. Он тоғызыншы ғасырдың екінші бөлімінен соң шыққан қара ақындардың көбі Мұраттың шәкірттері. Міне, қысқаша айтқанда, Мұраттың өлеңдерінің ішкі маңызы. Өлеңдердің сырт жағына келсек, Мұраттың тілі әдебиетімізге негіз болған ел әдебиетінің тілі. Мұраттың өлеңдерінде қазақтың ел әдебиетіндегі жыр, толғау, айтыс, мақтау, хат, асқақ, жоқтау секілді өлеңдерінің бәрі бар. Әдебиет тарихына Мұраттың сөздерінің керектігі шексіз нәрсе» [1; 104–105].

Сонымен бірге Халел Мұрат Мөңкеұлы туралы әр түрлі басылымдарға «Мұрат ақын» (Сәуле, 1924, № 5, 8–11-б.), «Қазақтың ел әдебиетінен алынған сөздер» (Ташкент, 1926, 186–187-б.) деген мақалалар жариялап, Мұрат ақынның «Қалмақ қарғысы» (Сана, 1924, № 2–3, 118–119-б.), «Үш қиян» (Сәуле, 1924, № 6, 12–17-б.), «Қыз» (Сәуле, 1924, № 6) атты жыр-толғауларын жинап, бастырған [9; 43].

Халел Досмұхамедұлының қажырлы еңбегінің арқасында Мұраттың мұрасы қазақ халқыны толық жетіп, сақталды. Мұраттың жыр-толғаулары қазір әдебиетшілер, фольклоршылар, тарихшылар, археологтар, этнографтар, философтар, географтар үшін алтын көмбе болып отыр. Өйткені оның «Үш қиян», «Сарыарқа», «Қазтуған» жыр толғаулары — тұнып тұрған тарих.

Әйгілі Алаштың арысы Х.Досмұхамедовтан кейін Мұрат Мөңкеұлы шығармаларына тереңірек тоқталған М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, М.Жолдыбаев, Қ.Жұмалиев, С.Мұқанов, Ы.Дүйсенбаев, Х.Сүйіншәлиев сынды белгілі ғалым-жазушылар. Осының арқасында ақын шығармалары 1946–1947 жылдарға дейін мектеп оқылықтарына енгізіліп келді. «Қарасай-Қазы» жыры 1943 жылы жеке кітап болып шықты. Мұраттың өлең-толғаулары «Үш ғасыр жырлайды», «Бес ғасыр жырлайды», «Ай заман-ай, заман-ай» жинақтарына, айтыстары әр жылдарда шыққан айтыс жинақтарына енгізілді. Мұрат ақынның шығармалары 1940 жылы Мәскеуде басылған «Песни степей» атты қазақ әдебиетінің антологиясында (жалпы ред. басқарған Л.Соболев), 1978 жылы Ленинградта басылған «Поэты Казахстана» атты жинақта (құраст. М.Мағауин) жарық көрді [10].

Осылайша мұраға жанашыр әдебиетші-ғалымдардың бірнеше буынының әр жылдардағы жүйелі ізденістері арқылы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілінің соңында қалдырған мұрасының жоқ-жітігі

түгелденді. Х.Досмұхамедұлынан басталған мұраттану үрдісі мұратанудың бір саласы болып қалыптасты. Рухани тамырын тереңге жайған бұл дәстүр алдағы уақытта да жалғаса бермек.

*Халелдің Исатай мен Махамбет сынды хас
батырларға сөзден ескерткіш орнатуы*

Халел бала кезінен Исатай — Махамбеттің ерлігі мен істерін, көркем сөзін көнекөз қариялар аузынан естіп, халқымыздың қайғы-мұңын жырлап, отаршылдық саясатқа өлең-толғауларымен қарсы шыққан және сол өлкенің гауһар жырларын («Қырымның Қырық батыры» жырлар циклі) аманат етіп жеткізген Мұрат Мөңкеұлының жырларын тыңдап, таным бұлағын суарып, рухына сіңіріп өскен.

Сондықтан да ғылыми ізденіс жолына түскенде ел басына түскен сын сағатта халқының рухын асқақтата көтеріп, қол бастаған Исатай мен Махамбет сынды хас батырлардың есімдерін ең алғаш рет ардақ тұтып, сөзден ескерткіш орнату, сол арқылы күллі қазақ оқырмандарына таныстырудың абыройлы үлесі Халекеңнің еншісіне тиді. Оның «Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат» атты мақаласы [1; 51–81] осының дәлелі. Бұл шығармада қос арысты дүниеге әкелген туған-өскен ортасы, тұқым-зәуазаты, елдің саяси-әлеуметтік тыныс-тіршілігі жан-жақты баяндалған. Әрине, Х.Досмұхамедұлының мәдени тарихымыздағы «Ерен еңбегі не?» дегенде, алдымен ойға оралары — әдебиетіміздің классигі Махамбетті «тірілткені». Өз еңбегінде ғалым Исатай батырдың жеке басы тарихын әңгімелей отырып, Махамбет сынды көтеріліс жаршысы туралы мынадай сыни пікірін айтады: «Өтемісұлы Махамбет батыр бастан аяққа дейін қасында жүрген, жауымен жауласып, дауымен дауласып, өлімге басын қиған Исатайдың қанды көйлек жолдасы...

Исатай жұртты ақылмен, дәлелмен, түрлі әдіспен соңына ерткен адам болса, Махамбет көпті қыздырып, көңілін аударып ертетін адамның түрі болған. Исатай ақсақалдармен, бас адамдармен ақылдасып, кеңесіп отырғанда, Махамбет айналасындағы үйлерде, ауылдарда қыдырып жүріп өлең айтып, домбыра тартып, жұртты қыздыратын еді дейді-мыс. Махамбеттің мінезі сотқар, қалжыңқой, бетің-көзің демей ойына келгенін айтып салатын батыл болған. Жауласқан мезгілде өте батыр, айлакер болған. 1838 жылы қауыстың 23-ші күні бөкейлікте Бекайдар деген жерде Исатайды отыз жолдасымен орыстың отряды қамайды. Махамбет жолдастарымен мылтық атып, садақ атып, найза жұмсап отрядты қайырып, Исатайды екі жолдасыменен шығарып жібереді. Исатай құтылған соң, Махамбет жолдастарымен орыстан қашады. Қуғыншылар соңынан қалмай қуып Махамбетті ұстауға таянады. Сонда Махамбет астындағы бұлық көпшікті жарып жіберіп, ішіндегі мамықты жақындап қалған қуғыншылардың көзіне шашып жіберіп құтылып кетеді.

Махамбеттің мінезі Исатайдыкі секілді көптің басын құрастырып, бүтін елді соңынан жүргізетін мінез емес. Махамбет жақсы үндеуші (агитатор), жақсы бастықтың қолында өте ыңғайлы қолбасы. Ананы-мынаны істеп келге табылмайтын адам. Махамбеттің осындай екендігі тарихты тексергенде, елдің аузындағы әңгімені тыңдағанда көрініп тұр.

Исатай өлген соң-ақ Махамбет көпті ерте алмады. Исатайдың құрастырған елінен айрылып қалды. Бұған Исатайдың өлімі себеп болды. Көптің тауы қайтты. «Жорықтың алды оңбаған, арты да оңбас» деген пікір жұртты меңгерді.

Махамбеттің мінезі де, Кенесарының жолдасы Наурызбайдың мінезі де тексере келгенде бір-біріне өте ұқсас келеді. Екеуінде де ерлік бар да, көпті ертетін тәсіл аз...

Ісін аяқтаймын деп Исатайдан кейін Махамбет біраз уақыт әуре болып жүреді. Бірақ елді біріктіре алмайды. Исатайдың жолдастарын, оның ішіндегі Махамбет секілді бастықтарын ұста деген өкіметтің қатты бұйрығы шыққан. Махамбет ел ішінде жүре алмайтын болған. Махамбеттің ақыры ұсталуына көзі жеткен соң бай ұлының адамдары, басы Үбі, Байнақ дегендер болып Махамбетті зорлап, Баймағамбет сұлтанға алып барады. Баймағамбеттен өкіметке ұстап бермейтін қылып ел ішінде жүре беруіне рұқсат алып береді. Билердің сөзін қабылдаған соң, Баймағамбет батырды үйіне шақырып танысады. Батыр үйге қару-жарағын тастамай кіреді. Баймағамбет батырдан «бір-екі ауыз өлең айтыңыз» деп өтініш қылады. «Менің сөзім сізге жақпас» деп батыр айта қоймайды. Баймағамбет қайта-қайта өтініш қылады. Сонда Махамбет Исатайды жоқтап, Байекені боқтап, белгілі өлеңін айтады. Байекенің қасындағы жас төрелер батырдың сөзіне ашуланып қызған екен, «бұлай айтпаса Махамбет батыр бола ма, батырдың сөзін көтермесем мен хан болам ба?» деп Байеке оларды тоқтатыпты-мыс. «Ұялғаннан кірерге жер таба алмадық. Ханның бетіне қарай алмадық, кеткенше асық болдық» деп ертіп барушылар талай айтқан екен-мыс.

«Сөзімді жаратпай бірдеңе десе, сол жерде Байекені қасындағы жолдастарымен жарып тастайын деп отыр едім» деп Махамбет соңынан айтыпты-мыс. Махамбетті бұлай қылмайды деп ешкім ойламаған, Байеке де бұны сезсе керек. Байекеден қайтқан соң Махамбет Оралдағы ағайындарының арасында жүреді. Өкіметке, хандарға қарсы елді азғыруын қоймаса керек. Бір күні үйіне бір бөлек адам мен досы Ықылас деген кісі келеді. Қонақ болып отырып Ықылас Махамбеттің өз қылышымен басын кесіп алады. Ықыластың руы тама, жабал бөлімінен, тұқымдары осы күні Орал уезінде Бөрілі болысында. Ықыласты азғырып өлтіруге жұмсаған Баймағамбет деп айтады-мыс. Батырдың басын апарып бергенде Байеке Ықыласқа айтыпты-мыс: «Өлтір деп жіберген жоқ едім, тірідей ұстап әкел деп едім, басын алып кет» деп» [1; 79–81].

Тарихын қастерлеген халықтар үрдісіне ден қойсақ, Х.Досмұхамедұлы артына басқадай із-жол қалдырмағанның өзінде, біздіңше, осынау жалғыз ерлік-еңбегімен ғана өз-өзіне мәңгілік ескерткіш орнатқандай еді.

Халел Досмұхамедұлының фольклортану саласындағы еңбектері

Ғалымның зерттеушілік қабілетін жан-жақты көрсететін «Шернияз шешен» (1925), «Бұхарадағы Көгілтіш медресесінің салынуы туралы әпсана» (1927), сондай-ақ Самарқандты билеп тұрған тұсында атақты Тіллә-қара (Тіллә-қари) мен Шир-дор (Ширдар) медреселерін салдырған Кіші жүздегі Әлім-Төртқара руынан өрбіген кесек тұлға — әмір Жалаңтөс батырдың ерліктері, ата-тегі туралы «Самарқан шаһарындағы Тіллә-қари» және «Ширдар» медреселерін салдырушы Жалаңтөс батырдың шежіресі» (1928) деген мақалаларын атап айтуға болады. Халекеннің бұл этнографиялық очерктерін шығармашылық қайсарлық, батылдық, ізденгіштік қасиеттерінің тағы бір шынайы көріністері демеске болмайды. Осы еңбектерінде ол фольклорлық аңыздар мен тарихи, этнографиялық деректерді шендестере қарап, халқымыздың көне тарихын зерттеуде өзінше жол салды. Әсіресе оның қолбасшы Жалаңтөс батырдың қазақ халқы тарихындағы ұмытылмастай орнын және оның ұрпақтарын түгелдей жіктеп көрсеткен еңбегі құнды-ақ: «... Осы күнге дейін бүкіл әлемді таң-тамаша қылып, таңдандырып келген құрылысты XVII ғасырдың басында салдыртқан бұл Жалаңтөс баһадүр әмір деген кім?

Орыс тілінде шыққан әдебиеттерде қазірге дейін бұл сауалға дәлелді жауап берілген жоқ, Орта Азия туралы жазылған бізге белгілі тарихи еңбектерде Жалаңтөс туралы атүсті, оның тамаша ғимараттар салғызғаны ғана аталып өтеді, ол жайында егжей-тегжейлі деректер келтірілмейді.

Левшин өзінің «Описание казачьих орд и степей» атты белгілі еңбегінде (2-т., 60-б.) Ер Есім ханның ұлы, қазақ ханы Жәңгір 1643 жылы 600 сарбазымен қалмақ ханы Қонтайшы батырдың 50 000 қолын жеңгенде оған (Жәңгірге) көмекке «20 000 атты әскері бар бір татар князі Ялантуш келді» дейді, бірақ оның кім екендігін тәптіштеп айтпайды.

Масальский «В Туркестанском крае» атты еңбегінде «Тіллә-қари» мен «Ширдар» медреселерін «өзбектің алшын руынан шыққан Жалаңтөс баһадүр әмір (Имақұл ханның қолбасшысы) салдырғандығын» жазады, әйтсе де автордың бұл деректі қайдан алғаны бізге белгісіз.

Кіші жүз қазақтарының арасында Жалаңтөс батыр (қазақ тілінде осылай дыбысталады) белгілі тарихи тұлға саналады, ол алшындардың әлім бұтағынан тарайтын Төртқара руына жатады...

Аңыз бойынша, Қарамашақтың төрт ұлы (Оразгелді, Ораз, Жаншоқыр және Қараш) жастай жетім қалып, содан «Төртқара» атаныпты-мыс. Олардың үрім-бұтақтары Әлім ішінде төртқара руын құрап, бүгінде Ырғыз, Қазалы уездерінде және Қарақалпақ облысында тұрады. Төртқара руы ерекше жауынгерлігімен көзге түседі, олардың арасынан атақты адамдар көп шыққан және қазақтардың біржолата аузы біріккенше Кіші жүз ішінде үлкен орны болды.

Жалаңтөстің ағасы Ақша би өз кезінде атақты би болған. Ақша бидің немересі — Әйтеке би жарғы шығарушы үшеудің бірі еді (Кіші жүзден — Әйтеке би, Орта жүзден — Қазыбек би, Ұлы жүзден — Төле би). Жалаңтөстің шөбересі — Қара Абыз айтулы батыр болған, қазақ аңыздары бойынша, Кіші жүзде Ералы Әбілхайырұлы хандық құрып тұрған кезде (1791–1794 жж.) қарақалпақтармен шайқас үстінде қаза тапқан.

Жалаңтөс батырдың ұрпақтары қазіргі кезде Сырдария губерниясының Қазалы уезі, Сарытоғай болысында мекен етеді. Олардың арасында Жалаңтөс батырдың Самарқанда әмір болғандығы туралы аңыз-әңгімелер бүгінге дейін сақталған» [1; 41–43].

Халел Досмұхамедов Абай шығармаларына, «Сұлтан Кенесары Қасымовтың тарихына қосымша материал» кітапшасына, «Қыз Жібек», «Кенесары-Наурызбай» атты жыр кітаптарға редакторлық

еткен. Ол 1923 жылы Ташкентте Әбубәкір Диваев жинаған «Кенесары-Наурызбай» жырына түсінік жазып, жеке кітап қылып шығарады.

Осы кітапты баспаға дайындауға байланысты Халекең мынадай түсінік береді:

«1) Алатаудағы соғыс туралы Нысамбай ақынның шығарған сөзінің дұрыс нұсқасын беру; 2) ел арасындағы Нысамбай сөзі аталып, сыңар езу сөйленіп жүрген сөздердің әсерін жою; 3) мектептерде оқылатын ана тілі үшін поэманың жақсы үлгісін беру» [1; 100].

Ғалым бұл еңбегінде қазақтың шешендік өнерін, сөздердің туралығы мен дәлдігін, айқындылығы мен әуезділігін сөз етеді: «Нысамбай сөзінің артықшылығы ең әуелі тіл жағынан. Нысамбайдың тілі — нағыз үлгі боларлық қазақ тілі. Екінші, Нысамбай өзі соғыста болып, көзімен көргенін жазып отыр. Үшінші, Нысамбай орынсыз қазақты мақтап, қырғызды боқтап сөйлемейді, қазақтардың кемдігін, қырғыздардың ерлігін айқын көрсетеді» [1; 100].

Х.Досмұхамедұлының күні бүгінге дейін көп айтылмай келе жатқан бірі қыры — оның баспагерлік, редакторлық қызметі. Баспа басшысы ретінде әлеуметтік маңызы бар кітаптарды таңдап алу, халықтық мұраларға ерекше ыждағатпен қарау, олардың барынша кем-кетіксіз, қатесіз шығуына тікелей араласу — Х.Досмұхамедұлы атымен шыққан кітаптардың қай-қайсысына да тән басты белгі, көрсеткіш. Мәселен, ол «Кенесары-Наурызбай» кітабын Қазақ-қырғыз білім комиссиясы шығарғандағы мақсат: «Ел әдебиетінен алынған сөздерді қалай етіп шығару туралы қолдан келгенше үлгі көрсетіп, жол салу», — болды деп жазады [1; 100].

Халел Досмұхамедовтың фольклортану саласындағы еңбектерінің ішінде оқшау тұратыны — 1928 жылы жазып қалдырған «Қазақ әдебиетінің тарихы» сияқты жинақтаушы теориялық зерттеуі. Мұнда ол ауыз әдебиетінің түрлерін жіктеуді мақсат еткен. Халекең асыл қазына, фольклорлық мұрамызды тек өлең-жыр, сөз өнері деп қана қарамай, мәдени-рухани ұлттық «паспорт» — тұрмыс-салт қалпы, наным-сенім айнасы, тәлім-тәрбие ұлағаты деп ұқты. Ғалым саралаған ырым, дем салу, үшкіру, бал ашу, түс жору сияқты түрлер ұзақ уақыт фольклоршылардың, ауыз әдебиетін жинаушылардың тарапынан тыс қалып келді. Бұған 20-шы жылдардан бастап қоғамдық ғылымдарды жайлаған тұрпайы социологиялық танымның, ескілік атаулыға соғыс ашқан идеологиялық шабуылдардың ықпалы тиді.

Халел «Сана» журналының бір санында (1924, № 2,3) «Аруақпен айтысу» атты ауыз әдебиетінің сирек кездесетін үлгісін жариялады. Ел аузынан жинаған мұрасында оның айтыстың осы бір ең ежелгі түрінің шығу тегі, генезисі хақында өз болжамын білдіруі қызықты: «Қазақ ел әдебиетінің түрі көп екені мәлім. Осы түрлерден ескерілмей келе жатқан түр — аруақпен айтысу. Қазақ жұрты өліктерін өте сыйлайды. Там салу, ас беру, өліктің аруағына сыйыну секілді ырымдар қазақтың бұрынғы шамандығынан қалған ырымдар. Күйікке шыдай алмай сүйгенінің моласына барып зарлайды. Моладағы кісіден жауап алады. Іштегі шерін шығарып, мауқын басады. Өлік зарлаушыға жауап береді. Мола басында айтыс болады. Аруақпен айтысу — жоқтаудың бір түрі. Аруақпен айтысу көбіне ерлі-зайыпты адамдардың арасында болады» [1; 37–38].

Осы тұста («Аруақпен айтысу» сияқты реликтілік құбылыстарын шаммен іздеп тауып, жарыққа шығаруы) ғұлама ғалым шыққан шыңын, оның тарихи ой-санамызға қосқан үлесін Шоқан Уәлиханов сынды алып тұлғамен салыстыруға, сабақтастыруға болады.

Халел Досмұхамедов көп қырлы энциклопедист ғалым ретінде

Халел ғылымның түрлі саласын қамтып, халқына мол мұра қалдырып, пайдам тисін деп ойлады. Оның медицина, гигиена, биология, табиғаттану, техника, металл қорыту жайлы жазған мақалалары — ғалымның шын мәнінде энциклопедиялық білімі барлығының бір дәлелі.

1913 жылғы «Қазақ» газетінде жарияланған Х.Досмұхамедұлының «Тамыр дәрі хақында» атты көлемді мақаласы «Біздің қазақ ішінде ауруларды тамыр дәрімен емдеу беріректе жайылулы. Ауруға пайда ма, залал ма онысына қарамай қай ауру болса да мейлі, бұл заманда қазақ тамыр дәрімен емдейді», — деп басталады. Әрі қарай оны айыра білу, табу, қолдану жолдарын айқындап береді.

Сырақтарды емдеу, жұқпалы аурулардың алдын алу сияқты жұмыстармен қатар, Халел өзінің алған мамандығының саласы бойынша баспасөз арқылы осылайша насихаттық мақалалар жазуды бастайды. Кейін кітаптар жазуға ойысады. Оның «Жұқпалы аурулар», «Сары кезік-сүзек жұқпалы ауруы хақында» атты мақалалары «Қазақ» газетінің 1914 жылғы бес номерінде қатар жарық көрді. Жұқпалы аурулардың қыр-сырлары жайлы халыққа кеңінен мағлұмат берген бұл мақалалар сол бір дәуірдің ділгір сұранысын өтеуге жараған құнды дүниелер болғандығында қапы жоқ [11].

Халекең қазақ халқының ғылыми таным өрісін кеңейту мақсатымен Ю.Вагнердің «Рассказы о том, как устроено и работает наше тело» («Дене бітімі мен оның жұмысы туралы әңгімелер») және «Рассказы о том, как живут и устроены растения» («Өсімдіктердің жаратылысы мен тіршілігі туралы әңгімелер») атты кітаптарын қазақ тіліне бастырып шығарды [12].

Халел Досмұхамедұлы бір өзі бірнеше қызметтер атқара жүріп, ұлттық мектептердің жүйесін құруға, қазақ тіліндегі ғылыми терминология жасау ісіне атсалысады. Жер-жерлерде қаулап ашыла бастаған ұлттық мектептерге ана тілінде оқулық жазу қажет болады. Осындай қажеттілік Халелді атқарып жүрген толып жатқан қоғамдық қызметтерін ана тіліндегі оқулықтар жазумен және оны шығару жұмыстарымен ұштастыра жүргізуге мәжбүр етті.

Оның медицина, биология тақырыбындағы «Табиғаттану» (1922), «Жануартану» (1922), «Адам тән тірлігі» (1923), «Как бороться с чумой среди населения Киргизского края» (1918–1925), «Оқушылардың саулығын сақтау» (1925), т.б. ғылыми еңбектері қазақ халқының дүниетанымын кеңейте түсті. Ол өзінің әрбір ғылыми еңбегі арқылы шарасыз қандастарына көмектесуді ойлады.

Сондай-ақ оның қаламы жүйрік журналист болғанын қазақ тілінде шығарып тұрған «Шолпан», «Ақ жол», «Еңбекші қазақ», «Сәуле» сияқты газет-журнал беттерінде жарияланған мақалаларынан айқын көруге болады. Дарынды ғалым Атырау, Маңғыстау өңірі ақын-жырауларының еңбектерін жариялап, зерттеулер жүргізді. Оның Жаскілең жырау мен Қалнияз ақынның айтысы, көне әдебиет мұраларынан Жиёмбет жыраудың Есім ханға айтқан толғаулары туралы еңбектері бар [9; 43].

Халел Кіші жүзден шыққан дүлдүл ақындардың бірі Ығылман Шөрековтің ақындығын исі қазаққа паш етті. Ғалым бір кездескенде Ығылман ақынға Исатай-Махамбет көтерілісі туралы мол мағлұмат береді және осы тарихи оқиғаны батырлар жырлары үлгісімен шынайы шындыққа негіздеп, асықпай өлең жолдарына түсіруге кеңес айтады. Ақынды екі айдай уақыт Нарын, Жайық өңірлеріндегі көтеріліс болған тарихи жерлерді көзбен көріп, аралауға, батырлардың ұрпақтарымен кездесуге, олардың сөздерін тыңдап қайтуға жібереді. Өзі де ескіше сауатты, Исатай-Махамбет сынды батырлардың ерліктері хақында сол ұлт-азаттық көтерілістің тарихын түзуге хатшы ретінде атсалысқан әкесі Шөректің аузынан естіп, жазбаларымен танысып, бұрын да қанық білетін Ығылманның нақ пісуі жетіп шабыттанған шағында — келесі бір жазға салым тағы келіп, киіз үйлер тіктіреді. Соның бірінде ақынға жыр төктіреді. Көрген кісілердің айтуларына қарағанда, үйдің ішінде оның аузынан шыққан әр шумақты кезектесіп жазып отыратын қағаздар мен қаламдарын сайлаған бес адам қатар отырады екен. Ығылман бір айтқанда көпке дейін тоқтамайтын, кеудесінен жыр нөсері лекілдеп құйылатын суырыпсалма, ақпа ақын болған. Әбден айтылып болған соң бәрін жинастырып, ретке келтіреді. Халел пікірін, ескертпелерін айтып, дастанның кейбір тұстарын қайта жырлауға кеңес беріп отырады. Ығылман білгір ғалымның ұсыныстарын байыпты ескере білуге тырысады [5; 6].

Осының арқасында өлеңсүйер қауым Ы.Шөрековтің «Исатай-Махамбет» атты дастаны арқылы Исатай Тайманұлы бастаған халық көтерілісі туралы үлкен мағлұмат алды.

Халел Досмұхамедұлы өз тұсындағы әр түрлі басылымдарға ғылыми-көпшілік мақалалар жариялаған. 1922–1928 жылдар аралығында мерзімді басылым беттерінде оның мынадай мақалалары жарық көрді: қазақтың тұңғыш газеті «Қазақ» газетінде «Алаш не сөз?»; «Шолпан» журналында «Қазақ емлесі тақырыпты жаңа ережелер», «Диуани лұғат-ат түрк»; «Сана» журналында «Адай Абыл ақынның сөздерінен қалған бір жұрнақ», «Жұлдыздарды күндіз көруге бола ма?», «Күн сүйген, күмбез тұрғызған: Жалаңтөс Баһадүр мен Көге Тақуа туралы бір үзік сыр», т.б.

Оның «Аламан» жинағы Ташкентте 1926 жылы шықты, 1991 жылы Алматыда қайта басылды. Бұл жинақ Хиуа ханының басқыншылық шабуылдары, азаттық үшін күрескен ерлер, ерлік, батырлық туралы баяндайды [1; 176].

Айтулы Алаш қайраткерінің 1998 жылы «Ана тілі» баспасынан жарық көрген көлемі 34 баспа табақ келетін таңдамалы шығармалары — өз заманынан әлдеқайда озық тұрған еңбек [13].

Халел Досмұхамедовтың шығармашылық жолында жемісті еңбек еткен жылдары Кеңес үкіметінің 1920 жылы Алашорда мүшелеріне кешірім жасауы мен ақталуынан кейін Халелдің туған халқына аянбай адал еңбек еткен жылдары Ташкент кезеңі екенін (1920–1930 жылдар) ерекше атаған жөн.

Түйін

Түйіп айтқанда, теңіздей терең білімпаз, ғұлама ғалым, әйгілі саясаткер, мәшһүр публицист Халел Досмұхамедұлы хақында әңгіме қозғағанда, қазақ халқының басынан өткерген саяси-

элеуметтік, мәдени-рухани ұзын-ырға тарихындағы қиын да күрделі дәуір дидары көз алдымызға тұра қалары сөзсіз. Бір сәт еске түсіріп көрелікші: ол — екі ғасыр тоғысындағы сахара елін сүліктей сорып, ұлын құл, қызын күң, жұртын тұл етпек болған, қазақтың байлық-ризығын тонап, шұрайлы жер-суынан қоныс аударған, азаматтық ой-санасын өшіріп, ұлттық ерекшелігі мен дәстүрлі басқару жүйесін жоюға күллі қам-қарекетін жұмсап баққан патша өкіметі жүргізген отарлау саясаты; Ақпан, Қазан төңкерістері; ұлт мүддесін қорғаған тұңғыш төл саяси «Алаш» партиясы, Алашорда автономиясы; азамат соғысы; байға, кедейге бөлген тапшылдық науқаны; 1920–1921 және 1931–1932 жылдардағы «аштық саясаты» (Мұстафа Шоқайұлы айтқандай); 1920–1930 жылдардағы ғылым мен мәдениет майданындағы серпіліс; 1930, 1937 жылдардағы қуғын-сүргін зұлматы...

Міне, осындай халқы кешкен қатерлі заманда Халел Досмұхамедұлы ауыр сыннан өтті. Қарымды публицист, білікті дәрігер ретінде қазақ қоғамының тамырын ұстап, жүрек соғысын байқап, дерттің дауасы мен сауықтырудың амалын іздеді. Шындығында, аурудың асқынып кеткені соншалық — қазақ қоғамының рухани жаны мен тән саулығына арашаға түсетін шипагер жандарға зәру болды. Осындай алмағайып заманда Халел Досмұхамедұлы публицистикасының күдіреті ел-жұртының жан-тәніне қуат берді, элеуметті саяси-мәдени эпидемиялық түрлі кеселден дер кезінде аман алып қалды. Бұл ретте Халел Досмұхамедұлының ұлтымыздың медициналық жағынан ғана емес, саяси-рухани сауығына өлшеусіз үлес қосқандығын көреміз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Досмұхамедұлы Х.* Аламан. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 176-б.
- 2 *Әнес Ф.* Халел шырдары // Жалын. — 2009. — № 7. — 43–53-б.
- 3 *Табылдиев Х.* Алашорда және Халел Досмұхамедов // Жас Алаш. — № 71. — 2008. — 5 қырк. — 3-б.
- 4 Қазақ халқының тарихи тұлғалары: Қысқаша анықтамалық. — Бірінші кітап. — Алматы: Өнер, 2011. — 78–80-б.
- 5 *Жаңабайұлы Т.* Халық жадынан шықпаған тұлға // Ана тілі. — № 16 (1170). — 2013. — 18–24 сәуір.
- 6 *Қазақбаева Ж.* Халел Досмұхамедов — Алаштың ардақты ұлы // Қазақ тарихы. — 2006. — № 6. — 106–107-б.
- 7 *Базарбаев С.* Тәуелсіздік — Мұраттың мұраты еді // Қазақ. — № 43 (663). — 2013. — 25 қазан.
- 8 Батыс Қазақстан облысы: Энциклопедия. — Алматы: Арыс, 2002. — 400-б.
- 9 *Әділқызы Г.* Халел Досмұхамедұлы — ғұлама ғалым, қоғам қайраткері // Қазақ тарихы. — 2008. — № 5, 6.
- 10 *Омарұлы Б.* Мұратану мен мұраттану // Ақиқат. — 2013. — № 11. — 88–90-б.
- 11 *Жаңабайұлы Т.* «Халқым деген Халел еді...» // Алтын Орда. — № 17 (431). — 2008. — 24–30 сәуір. — 28–29-б.
- 12 *Абдулаев К.А., Еркінбекова Б.К., Сағымбаева К.С.* Халел Досмұхамедов жайлы не білесіз? // Қазақ батырлары. — № 5(58). — 2003. — Мамыр. — 7-б.
- 13 *Досмұхамедұлы Х.* Таңдамалы шығармалары. — Алматы: Ана тілі, 1998. — 384-б.

Р.С.Каренов

Научная и просветительская деятельность одного из великих представителей казахской интеллигенции начала XX века

К 75-летию со дня смерти Халела Досмұхамедова

В статье описаны жизнь и творческая деятельность Халела Досмұхамедұлы, который сыграл выдающуюся роль в бурных политических событиях начала XX столетия. Отмечено, что он находился в эпицентре важных событий, ему довелось участвовать в процессах, которые имели огромное значение для казахской государственности. Показано, что он успешно занимался наукой и образованием; руководил Казахским институтом просвещения; редактировал журнал «Сана»; писал книги по филологии, истории, медицине, культуре; занимался переводами; участвовал в создании Казахского государственного университета. Несмотря на то, что жизнь Халела Досмұхамедова была трагичной, он оставил значительный след на родной земле: его труд стал важным вкладом в государственность Казахстана, а многие написанные им книги до сих пор имеют большой смысл и значение.

R.S.Karenov

Scientific and educational activities of one of the greatest representatives of Kazakh intellectuals of the early twentieth century**On the 75th anniversary of Khalel Dosmukhamedov's death**

Describe the life and creative activities of Khalel Dosmuhameduly who played an outstanding role in the turbulent political events of the early twentieth century. Emphasizes that he was in the midst of important events, he had the opportunity to participate in the processes that were crucial for the Kazakh state. Notes that he successfully engaged in science and education, led the Kazakh Institute of Education, was the editor of the journal «Sana», wrote books on philology, history, medicine, culture; done translations, participated in the creation of the Kazakh State University. Shows that Khalel Dosmukhamedov's life was tragic, but he left a significant footprint on his homeland: his work was an important contribution to the statehood of Kazakhstan, and many words that he had written still have great meaning and significance. It is proved that he did not live his life for nothing, because his work — is the best monument of short but very colorful life and work for the benefit of the motherland.

References

- 1 Dosmuhameduly H. *Alaman*, Almaty: Ana tili, 1991, 176 p.
- 2 Anes G. *Zhalyn*, 2009, 7, p.43–53.
- 3 Tabyldiev H. *Jas Alash*, 71, 2008, September, 5, p. 3.
- 4 *Historical figures of Kazakh people: Quick Reference. The first book*, Almaty: Publ. Oner, 2011, p. 78–80.
- 5 Zhanabayuly T. *Ana tili*, № 16 (1170), 2013, April, 18–24.
- 6 Kazakbaev Zh. *History of the Kazakhs*, 2006, 6, p. 106–107.
- 7 Bazarbayev S. *Kazakhstan*, 43 (663), 2013, October, 25, p. 7.
- 8 *West Kazakhstan region. Encyclopedia*, Almaty: Publ. Aris, 2012, p. 400.
- 9 Adilkyzy G. *Halel Dosmuhameduly — an outstanding scientist, a major political figure* // *History of the Kazakhs*, 2008, 5–6.
- 10 Omaruly B. *About the creative heritage and legacy of the poet Murat* // *Akikat*, 2013, № 11, p. 88–90.
- 11 Zhanabayuly T. *Altyn Orda*, 17 (431), 2008, April, 24–30, p. 28–29.
- 12 Abdullayev K.A., Erkinbekova B.K., Sagimbayeva K.S. *Kazakh batyrlary*, 5 (58), 2003, May, p. 7.
- 13 Dosmuhameduly H. *Favorites*, Almaty: Ana tili, 1998, 384 p.